



ГТАХР 06.73.21

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2025-3-272-287>

Мақала түрі: ғылыми мақала

Қаржы даму институттарының Қазақстандағы агроөнеркәсіптік секторды қаржыландыруға әсері

М.Б. Аубакирова^{*1}, С.Б. Мақыш², S. Kozak³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Есіл университеті, Астана, Қазақстан

³Варшава жаратылыстану ғылымдары университеті, Варшава, Польша

(E-mail: ¹a_maxabbat@mail.ru, ²makysh.sb@yandex.ru, ³sylwester_kozak@sggw.edu.pl)

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасы Үкіметінің Агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландырудың негізгі бағыттары қарастырылады, сондай-ақ осы саладағы қаржы даму институттары қызметінің ықпал ету дәрежесі туралы мәселе көтеріледі. Қазіргі уақытта бүкіл әлемдегі саясаттағы, экономикадағы және климаттағы өзгерістердің өтпелі кезеңі болып жатқаны мәлім. Бұл дүниежүзілік ауылшаруашылық өнімдері мен азық-түлік нарықтарындағы тұрақсыздыққа алып келеді. Нәтижесінде, еліміздегі шағын агробизнес секторында мемлекетті қолдау экономиканы дамытудың ажырамас және маңызды бөлігі болып табылады. Елдің азық-түлік қауіпсіздігі – ауыл шаруашылығын дамытуда. Мақаланың мақсаты – Қазақстанның аграрлық секторын қаржы даму институттары арқылы қаржыландырудың қазіргі жай-күйі мен ерекшеліктерін талдау, қаржы ресурстарының қолжетімділік әсерін анықтау, сондай-ақ ағымдағы экономикалық шындықтар мен мемлекеттік қолдау бағдарламаларын ескере отырып, қаржыландыру тетіктерін жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу. Мақалада инвестициялық жобаларды қаржыландыру арқылы агроөнеркәсіптік секторда қолдау көрсетудегі қаржы даму институттарының қызметіне талдау келтірілген. Аграрлық саланы дамыту, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын арттыру – экономиканың осы секторын дамытудағы маңызды экономикалық көрсеткіштер. Мақаланың өзектілігі қаржы даму институттарының қызметін жүзеге асыру призмасы арқылы елдің аграрлық секторының даму көрінісін бейнелеуінде жатыр.

Түйін сөздер: агроөнеркәсіптік сектор, қаржыландыру, қаржы даму институттары, инвестициялық жобалар, экономикалық әсер.

Received 16.03.2025. Revised 08.08.2025. Accepted 21.08.2025. Available online 30.09.2025

Кіріспе

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап аграрлық секторды экономикалық жаңғыртуға және реформалауға кірісті, бұл меншіктің алуан түрлі нысандарын қалыптастыруға және нарықтық қатынастарды дамытуға ықпал етті. Алайда, 1990 жылдардың аяғындағы Азия дағдарысынан кейін бұл өзгерістер күрделі салымдардың азаюына және ауылдық жерлерде өмір сүру деңгейінің нашарлауына соғып әкелді. 1997 жылы ауыл шаруашылығына салынған күрделі салымдардың үлесі елдегі экономикаға салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 1,5 пайызын ғана құрады. Ахуалды тұрақтандыру және аграрлық секторды қолдау үшін үкімет 2001 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ын және 2006 жылы «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-ын құруды қоса алғанда, бірқатар маңызды шаралар қабылдады [1, 2]. Осы қаржы даму институттары құрылған сәттен бастап агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және шағын және орта ауыл шаруашылығы кәсіпкерлеріне қолжетімді несиелік ресурстарды ұсыну жөніндегі ірі жобаларды іске асыруға бағдарланған.

Елдегі қаржы даму институттарының тарихын атап өтіп, олардың қозғалысын сөрелер бойынша талдауды жөн деп санаймыз. «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ы инвестициялық активтерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғамдардың корпоративтік мәдениетін дамыту жолымен Қазақстанның бұл секторын дамытудың мемлекеттік саясатын орындауын жүзеге асырған қаржы даму институты болды. «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ының құрамына 3 еншілес компания кірді: «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, сондай-ақ, оның құрамына «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қаржы даму институты қосылды [3].

2021 жылы «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ы өз қызметін тоқтатты және осы даму институты таратылды, бірақ оның еншілес ұйымдары Бәйтерек холдингінің құрамына өтті. Осылайша, 2021 жылдың наурыз айынан бастап «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ және «ҚазАгроҚаржы» АҚ «Бәйтерек» Ұлттық басқару холдингі» АҚ-ның компаниялар тобына қосылды. Бүгінгі күні «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ы 2022 жылғы 25 шілдеден бастап «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның еншілес компаниясы болып табылады. Қазақстан Республикасының аграрлық секторында қаржыландырумен және қолдаумен айналысатын қаржы даму институттары осындай күрделі жолдан өтті [4].

Сондай-ақ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ құрамына кіретін «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ы да лизингтік несие беру арқылы елдің агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға қатысатынын атап өткім келеді [5].

Әдеби шолу

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және қайта өңдеу, оны тасымалдау және сақтау, сондай-ақ саланы техникамен, тыңайтқыштармен және химиялық құралдармен қамтамасыз ету сияқты салааралық маңызды сала болып табылады [6]. Мемлекет тарапынан реттеу және аграрлық секторды, оның ішінде ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау әрқашан мемлекеттік саясаттың маңызды элементтері болды [7]. Қазақстанның қазіргі экономикасы жағдайында ауыл

шаруашылығына қаржылай көмек көрсету мәселесі өзекті болып қала береді және жан-жақты көзқарасты талап етеді. Бұл тақырыпты зерттеу экономика мен мемлекеттік саясаттағы өзгерістер аясында аграрлық саланың қаржылық құрылымын жетілдіру қажеттілігіне байланысты. Мақаланың өзектілігі келесі факторларға байланысты: жаһандық экономикалық және климаттық өзгерістер жағдайындағы заманауи сын-қатерлерге байланысты аграрлық сектордың стратегиялық маңызы, қаржы даму институттары көмегімен ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау бағдарламалары бойынша қаржыландыру, Қазақстанның халықаралық аграрлық нарықтарға қатысуын күшейту, мемлекеттің тұрақты дамуы және "Жасыл экономика".

Зерттеу барысында агроөнеркәсіптік секторды қаржыландыру мәселелері талданып, отандық және халықаралық әдебиеттер, заңнамалық құжаттар, ресми статистикалық деректер пайдаланылды. Талдау, салыстыру, жүйелі көзқарас, контент-талдау, графикалық бейнелеу және сараптамалық бағалау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері диаграммалар, кестелер және нақты мәліметтермен негізделді.

Қазақстан агроөнеркәсіптік секторын қаржыландыруда басты мәселе – қаржы ресурстарына қолжетімділіктің, әсіресе шағын және орта ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін төмендігі. Қаржы даму институттары бұл олқылықты жоюға бағытталғанымен, олардың тиімділігі мен ықпал дәрежесі әлі де толық зерттеуді қажет етеді. Агроөнеркәсіптік кешендегі жобаларды қаржыландыруда өңірлік теңсіздік, кепіл мүлкінің өтімділігінің төмендігі, инвестициялық жобалардың ұзақ қайтарым мерзімі және субсидия алу процесінің күрделілігі өзекті мәселелердің қатарында.

Мақаланың мақсаты – Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешеніндегі қаржы даму институттарының рөлін талдау және олардың қаржыландыру тетіктерінің тиімділігіне баға беру.

Зерттеліп отырған тақырып елдің тәуелсіздік алғаннан кейінгі экономикалық даму кезеңімен тығыз байланысты. 1990-жылдары аграрлық сектор күрделі дағдарысты бастан кешірді: мемлекеттік қолдау күрт азайды, ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемі төмендеді, ал қаржыландыру көздері жеткіліксіз болды. Осы жағдайды түзету мақсатында мемлекет тарапынан агроөнеркәсіптік кешенді қолдаудың институционалдық негіздері қалыптаса бастады.

Осылайша, қаржы даму институттарының құрылымдық өзгерістері мен қаржыландыру тетіктерінің жетілуі агроөнеркәсіптік кешенді қолдаудың тиімділігін арттырды. Бұл мақалада аталған тарихи даму жолы зерттеліп, қазіргі жағдайы мен тиімділігі талданады.

Зерттеу әдістері

Мақала жазу кезінде саланы қаржыландыруды талдауға бағытталған жалпы ғылыми әдістер де, мамандандырылған тәсілдер де қолданылды. Талдау жеке элементтерді терең зерттеуге ықпал етті, синтез қаржыландырудың әртүрлі аспектілерінің өзара байланысы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Мазмұнды талдау және құжаттау әдісі заңнамалық актілердің, нормативтік құжаттардың және мемлекеттік қолдау бағдарламаларының мазмұнын зерттеу үшін пайдаланылды.

Жүйелі тәсіл әдісі Қазақстанның агроөнеркәсіптік жүйесін қарауда қолданылды. Саланы қаржыландыру жалпы мемлекеттік саясат, жаһандық экономикалық жағдайлар


және ауылшаруашылық секторы тұрғысынан қарастырылды. Жүйелік тәсіл әртүрлі компоненттер арасындағы негізгі байланыстарды анықтауға көмектесті.

Ақпараттық негіз ретінде статистикалық көрсеткіштер зерделеніп пайдаланылды. Сонымен бірге, мағлұматтарды көрнекті және анағұрлым егжей-тегжейлі анықтауға, байқап білуге көмек беретін графикалық бейнелеу әдісі қолданылды.

Сараптамалық бағалау әдісі практикалық ұсыныстарды әзірлеуге ықпал етті.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстанның аграрлық кешенін қаржыландырумен айналысатын қаржы даму институттарының қызметі қазіргі уақытта елдің негізгі Холдингі арқылы жүзеге асырылады. Біз осы авторлық схемамызға сәйкес қарастыруды ұсынамыз:



Сурет 1 Қазақстанның агроөнеркәсіптік секторын қаржыландырумен айналысатын қаржы даму институттарының құрамы

Ескерту: авторлар [4] дереккөзі негізінде құрастырған.

1-суреттен көріп отырғанымыздай, агроөнеркәсіптік секторды қаржыландырумен тікелей айналысатын қаржы даму институттары «Бәйтерек» Ұлттық басқару холдингі» АҚ-ның құрамына кіреді. Аграрлық секторды қаржыландырумен айналысатын үш негізгі қаржы даму институты бар, олар:

– «Бәйтерек» Ұлттық басқару холдингі» АҚ-ның еншілес ұйымы болып табылатын «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ. «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ инвестициялық жобаларды іске асыру үшін, сондай-ақ көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын


қаржыландыру үшін несиелер береді. Сонымен қатар, ол екінші деңгейлі банктерге, несиелік серіктестіктерге, микроқаржы ұйымдарына және лизингтік компанияларға қаржылық қолдау көрсетеді, олар өз кезегінде агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне несие береді. Несиелер бойынша пайыздық мөлшерлеме субсидиялауды ескере отырып, жылдық 1,5%-дан жылдық 6%-ға дейін өзгереді. Несиелеу мерзімі қаржыландыру көздеріне байланысты 12 жылға жетуі мүмкін [8];

– 2022 жылдан бастап «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ына еншілес ұйымы болып табылатын «ҚазАгроҚаржы» АҚ. "ҚазАгроҚаржы" АҚ – саланың заманауи және жоғары технологиялық техникаға қажеттілігін қамтамасыз ететін Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің лизинг нарығындағы көшбасшы. Ауыл шаруашылығы техникасы мен арнайы техниканың лизингі техника түріне байланысты 10 жылға дейінгі мерзімге, субсидияларды ескере отырып, жылдық 6%-ға дейінгі сыйақы мөлшерлемесі бойынша ұсынылады. Лизинг алушылар техника құнының 25%-на дейін мемлекеттік субсидиялар ала алады. Сонымен қатар, кепіл саясаты екінші деңгейдегі банктермен салыстырғанда икемді, бұл ауылдық жерлерге тән өтімділігі төмен кепіл мүлкін қабылдауға мүмкіндік береді [9];

– «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның еншілес ұйымы болып табылатын «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ, ол өз кезегінде «Бәйтерек» Ұлттық басқару холдингі» АҚ-ның компаниялар тобының құрамына кіреді, ауыл шаруашылығында қайта өңдеу және өндірістік инфрақұрылымды жаңғыртуға және дамытуға бағытталған жобаларды қаржыландыруды жүзеге асырады. Ол өндірістік қуаттылықты жақсартуға, өнім сапасын арттыруға және агроөнеркәсіптік кешендегі инновациялық технологияларды дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру үшін несиелер мен субсидиялар береді [5].

«Бәйтерек» Ұлттық басқару холдингі» АҚ-ның еншілес компаниялары бюджеттік, меншікті және тартылған қаражатты пайдалана отырып, қаржылық қызметтер көрсете отырып, ұлттық жобаны іске асыруға қатысады. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ мен «ҚазАгроҚаржы» АҚ ауыл шаруашылығын қаржыландыруда шешуші рөл атқарады, кең филиалдық желілері, көп жылдық тәжірибесі және аграрлық жобаларды талдау мен құрылымдауда салалық құзыреті бар [3].

Қазіргі уақытта агроөнеркәсіптік сектор қол жетімді қарыз қаражаттары мен инвестицияларға деген қажеттілікті сезінуде. Пандемия жағдайында Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру үшін «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» әзірленіп, іске қосылды, ол азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында белсенді іске асырылды [10]. 2023 жылдың соңына қарай ауыл шаруашылығын қоса алғанда, агроөнеркәсіптік кешендегі 291 инвестициялық жобаны аяқтау жоспарланған болатын. 2024 жылы аграрлық секторға 822 млрд. теңге бағытталып пайдаланылды, 26 жаңа нысан пайдалануға берілді. 2025 жылға қарай ауыл шаруашылығын, қайта өңдеу мен сақтауды қоса алғанда, Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешеніне 2,6 трлн теңгеден астам инвестиция салу жоспарлануда, бұл 800-ге жуық инвестициялық жобаны іске асыруға мүмкіндік береді [11].



Сурет 2 2019 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде агроөнеркәсіптік кешенді қаржы даму институттарымен қаржыландырудың нақты көлемі, млрд. теңге

Ескерту: авторлар [4] дереккөзі негізінде құрастырған.

2-суретке сәйкес, Қазақстандағы қаржы даму институттарының агроөнеркәсіптік секторды қаржыландырудың жалпы көлемі бірқалыпты өсу үрдісіне ие екенін көріп отырмыз. 2019 жылдан бастап 2024 жылға дейін «ҚазАгроҚаржы» АҚ қаржы даму институтының қаржыландыруды арттыруы айқын көрінеді, 6 жылда екі есеге жуық өсті. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ агроөнеркәсіптік секторды қаржыландыру саласындағы өз ұстанымын 5 жыл ішінде өзгертті, жыл сайын біртіндеп +/- 20 млрд. теңге көлемінде вариацияланып отырды. Ал 2024 жылы еншілес компания - «ҚазАгроҚаржы» АҚ «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның құрамына кіргеннен соң, қаржы даму институтының жұмысы одан сайын есейе бастады және жеткен жетістіктері өсті, яғни жалпы алғанда 822,33 млрд. теңгені құрады. Тұтастай алғанда, үрдіс оң, Қазақстанда қаржы даму институттары тарапынан агроөнеркәсіптік секторды қолдау жыл сайын артып келеді, бұл олардың салықтар түріндегі қызметінің және елдегі агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың әсері де артып келе жатқанын білдіреді.

Кесте 1 – 2019-2024 жылдар аралығында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-мен қаржы-ландырылған және пайдалануға енгізілген инвестициялық жобалар саны мен соммасы, млрд. теңге [4]

Инвестициялық жобалар	2019 жыл		2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл		2023 жыл		2024 жыл		2024 жылдан 2021 жылға қарағанда өзгерістер, жобалар саны бойынша	
	Жобалар саны, бірлік	Жобалар соммасы, млрд. теңге	Жобалар саны, бірлік	Жобалар соммасы, млрд. теңге	Жобалар саны, бірлік	Жобалар соммасы, млрд. теңге	Жобалар саны, бірлік	Жобалар соммасы, млрд. теңге	Жобалар саны, бірлік	Жобалар соммасы, млрд. теңге	Жобалар саны, бірлік	Жобалар соммасы, млрд. теңге	%	%
Қаржыландырылған	117	53	59	55,8	69	53,8	43	100,9	53	65	58	85	-15,9%	+57,9%
Пайдалануға енгізілген	*	*	*	*	43	71	25	34,5	29	12,6	26	23	-39,5%	-67,6%


Ескерту: авторлар [4] дереккөзі негізінде құрастырған

1-кестеге сәйкес, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-мен қаржыландырылған жобалар соммасы 2019 жылдан бастап 2024 жылға дейін бірінші біртіндеп өсу фазасында болған (2019 жылы – 53 млрд. теңге, 2020 жылы – 55,8 млрд. теңге, 2021 жылы – 53,8 млрд. теңге), бірақ 2021 жылдан 2022 жылдың арасында екі есе өрлеп кетіп (2022 жылы – 100,9 млрд. теңге), 2023 жылы соммасы 36 млрд. теңгеге азайған, ал 2024 жылы 85 млрд. теңгеге дейін аздап өскен. Ал, егер қаржыландырылған инвестициялық жобалар саны бойынша салыстырғанда, 2019 жылдан 2024 жылға қарағанда 59 жобаға азайған (2019 жылы – 117 инвестициялық жоба, 2024 жылы – 58 инвестициялық жоба), алайда саны азайғанмен, құны жоғарланған, яғни соммалары дерлік бірдей көлемде (2019 жылы – 53 млрд. теңге, 2024 жылы – 85 млрд. теңге). Пайдалануға енгізілген инвестициялық жобалар саны мен соммасы бойынша әр жылы әрқилы көрсеткіштерді көре аламыз, олар тікелей инвестициялық жобалардың жоспарланған мерзіміне тікелей байланысты.

Ендігі кезекте, 2024 жылдан 2021 жылға қарағанда қаржыландырылған инвестициялық жобалар саны мен соммасына орай өзгерістертер талданды (яғни, 2021 жылдағы көрсеткішті 100% деп санағанда): саны бойынша 15,9%-ға төмендеді (2021 жылы – 69 инвестициялық жоба, яғни 100%, 2024 жылы – 58 инвестициялық жоба, яғни 84,1%, инвестициялық жоба), ал соммасы бойынша 57,9%-ға өскенін көреміз. Сол себепті, қаржыландырылған инвестициялық жобалардың соммасының артқаны негізгі салыстыруға әсер ететін көрсеткіш болып табылады, сондықтан позитивті тенденцияға тиесілі деген қорытынды жасау орынды деп санаймыз. Бірақ пайдаланылуға енгізілген инвестициялық жобалардың саны мен соммасы бойынша 2024 жылдан 2021 жылға қарағанда өзгерістер негативті болып көрінеді (жобалар санына орай 39,5%-ға және жобалар соммасына орай 67,6%-ға төмендегенін байқауға болады).

2006 жылдан бастап 2023 жылға дейін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ 474 инвестициялық жобаны қаржыландырды және де оларды қолдауға 408,4 млрд. теңге бағытталған болатын. Сонымен қоса, 2023 жылы нақты қаржыландыру сомасы 12,6 млрд. теңгені құрайтын құны 17,1 млрд. теңге болатын 29 жоба пайдалануға берілді, бұл 4 млрд. теңге сомасына өнім өндіруге мүмкіндік берді. Ал 2024 жылы еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға 585 млрд теңге жоспарында шамамен 822,3 млрд теңге бағытталды, орындалуы – 140,6% [8].

2009 жылдан 2016 жылға дейін АО «ҚазАгроҚаржы» инвестициялық жобаларды, оның ішінде ҚР ҰҚ қаражаты есебінен іске асырылатын жобаларды қаржыландыру жөніндегі оператор болды. 2017 жылдан бастап Компания өз қызметін тек ауыл шаруашылығы техникасының лизингіне шоғырландырады. Соңғы 6 жылда агроөнеркәсіп кешеніндегі инвестициялар компанияның меншікті және тартылған қаражаты есебінен жүзеге асырылуда.




Сурет 3. Қаржы даму институттарының лизингке берген ауыл шаруашылық техникасы, млрд теңге

Ескерту: авторлар [9] дереккөзі негізінде құрастырған.

3-суретке сәйкес, Қазақстандағы ауыл шаруашылығында жоғарғы сұранысқа ие техникалардың бірі – тракторлар мен комбайндар. Оларға деген лизингке берілу көрсеткіштеріне қарағанда тек өсу тенденциялары байқалады (тракторлар бойынша: 2019 жылы 30,86 млрд. теңгені құрайтын 1713 трактор, ал 2024 жылы 87,7 млрд. теңгені құрайтын 4729 трактор лизингке берілді; комбайндар бойынша: 2019 жылы 32,86 млрд. теңгені құрайтын 540 комбайн, ал 2024 жылы 88,3 млрд. теңгені құрайтын 924 комбайн лизингке берілді). Жабдықтар 2020 жылдан бастап мүлде лизингке «ҚазАгроҚаржы» АҚ-мен берілмеген.

Қаржы даму институты Қазақстанда жасалған техниканы қолдайды, сол бағытта жұмыс жасайды, мәселен, 2021 жылы лизингке берілген 7 276 техниканың 3 755 техникасы қазақстандық, 2022 жылы лизингке берілген 6 806 техниканың 4 250 техникасы қазақстандық, 2023 жылы лизингке берілген 7 710 техниканың 4 142 техникасы қазақстандық, ал 2024 жылы 10 000 жуық техниканың 7 372 техникасы қазақстандық. Сонымен қоса, 2000 жылдан бастап 2024 жылға дейін қаржы даму институтымен лизингке жалпы 1,432 триллион теңгені құрайтын 86 740 бірлік техника берілген болатын. «ҚазАгроҚаржы» АҚ – ауыл шаруашылықтың дамуына зор үлес қосқан қаржы даму институты.



Сурет 4. «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ атты қаржы даму институтының 2024 жылдың 31 желтоқсанға сәйкес лизингтік қызметінің салалық құрылымы, пайыз

Ескерту: авторлар [5] дереккөзі негізінде құрастырған.

4-суретте «Өнеркәсіпті дамыту қоры» 2024 жылы бойынша АҚ-ы агроөнеркәсіптік кешендегі үлесін байқай аламыз, ол шамамен 3 пайызды құрайды. Соның ішінде тракторлар мен комбайндарды лизингтік қаржыландыруға 10,39 млрд теңге қаржы даму институтымен бөлінген. Ол 81 инвестициялық жобаны құрайды.

2022 жылғы 13 тамызда «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ мен «ҚазАгроҚаржы» АҚ арасында отандық өндірістің жаңа өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын қаржы лизингіне сатып алатын агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржыландыру үшін 30 млрд теңге сомасына қарыз шарты жасалды. Сондай-ақ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ тарапынан жоғарыда көрсетілген ақшалай мөлшерде қаражатты 75/25 пропорцияда араластыру үшін 10 млрд.теңге мөлшерінде коммерциялық ақша көлемінде тартылды. Отандық өндірістің ауыл шаруашылығы техникасын лизингке сатып алу үшін қаржыландырудың жалпы көлемі 40 млрд. теңгені құрады. 2024 жылдың 1 қаңтардың жағдайы бойынша жоғарыда аталған қаражат есебінен 1 132 бірлік ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алу үшін 1 036 өтінім қабылданды [5].

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешеніндегі қаржы даму институттары қызметінің әлеуметтік-экономикалық әсерін 2019 жылдан 2024 жылға дейін бірнеше негізгі көрсеткіштер арқылы бағалауға болады. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «Қаз-АгроҚаржы» АҚ, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ және басқалары сияқты қаржы даму институттары агроөнеркәсіптік секторды белсенді қолдайды, бұл экономиканың өсуіне,

инфрақұрылымның жақсаруына және ауылдық жерлерде өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Кесте 2 – 2019-2024 жылдар аралығында Қазақстандағы қаржы даму институттарының агро-өнеркәсіп кешенінде инвестициялық жобаларды қаржыландыру нәтижесіндегі әлеуметтік-экономикалық әсері [12]

Көрсеткіштер	Нәтижесі
Инвестициялық жобаларды іске асыру нәтижесінде жұмыс орындарын құру.	Мысалы, тек 2023 жылы Қазақстанның ауылдық өңірлерінде 30 мыңнан астам, ал 2024 жылы 3 097 жұмыс орны құрылды. Егер 2019 жылдан бастап көрсеткіштерді алсақ, бүгінгі күнге дейін еліміздің агро-өнеркәсіптік кешенінің түрлі салаларында 100 мыңға жуық жұмыс орны құрылғанын атап өтуге болады.
Қаржыландыру көлемі қаржы даму институттарының қаржыландыру тиімділігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады, өйткені агрожобаларды қаржыландыруға агроөнеркәсіптік кешеннің өндірістік қуатын едәуір арттырады.	2019-2024 жылдары Қазақстанда осы салаға 1,1 трлн. теңгеден астам инвестиция салынды. Бұл осы саланың дамуына айтарлықтай оң әсер етті.
Өндірістің өсуі де, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу көлемінің ұлғаюы да орын алуда.	2024 жылы астықтың рекордтық саны — 26,7 млн. тонна жиналып, айтарлықтай жұмыс орындары құрылды (агроөнеркәсіптік секторда 1,1 млн-нан астам адам жұмыс істейді).
Қаржы даму институттары инвестициялық жобаларды қаржыландыру арқылы шағын және орта ауылдық кәсіпорындарды қолдайды.	Ауыл кәсіпкерлеріне мемлекеттен әлеуетті қолдау көрсетіледі және олардың өз бизнесін дамыту мүмкіндіктерін күшейтеді. Көптеген мүдделі азаматтар барлық қажетті құжаттарды жинап, қаржылық даму институттарының көмегімен қатысудың барлық шарттарын орындай отырып, мемлекеттік субсидиялар, несиелер алуға қатыса алады.
Ауылдық жерлерде кедейлік деңгейінің төмендеуі.	Жаңа жұмыс орындарының пайда болуына, фермерлердің табысының өсуіне және ауылдық өңірлерде өмір сүру деңгейінің жақсаруына байланысты кедейліктің төмендеуі байқалады, мысалы, 2019 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде бұл аймақтағы кедейлік деңгейі 3-5%-ға төмендеді.
Дамудың қаржы институттары стратегиялық бағыттарды ұстана отырып, экологияны сақтауға бағытталған және «Жасыл экономиканың» бөлігі болып табылатын инвестициялық жобаларды белсенді қолдайды.	2024 жылы Қазақстан аграрийлері су үнемдеу технологияларын енгізуді едәуір кеңейтті: 158 000 га-ға тамшылатып және жаңбырлатып суару жүйелері орнатылды және жерді лазермен теңестіру жүргізілді, бұл суды тұтынуды 20-30% - ға төмендетуге мүмкіндік берді.

Ескерту: авторлар [12] дереккөзі негізінде құрастырған

2-кестеден көріп отырғанымыздай, біз жоғарыда көрсетілген көрсеткіштермен даму қаржы институттарының әсер ету нәтижелерін егжей-тегжейлі көре аламыз.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Қазақстандағы агроөнеркәсіптік кешеннің инвестициялық жобаларын қаржыландырудағы қаржы даму институттарының ықпалы оң даму үрдісіне ие екенін атап өтуге болады. Олар ауыл кәсіпкерлерін пәрменді қолдауға қатысып қана қоймай, сонымен бірге елдің экономикалық өсуіне оң әсер етіп, осы саладағы көріністі өзгертеді.

Қазақстандағы қаржы даму институттары агроөнеркәсіптік секторды белсенді қолдайды, соның нәтижесінде біз әлеуметтік-экономикалық тиімділіктің елеулі нәтижелерін байқай аламыз. Елімізде қаржы даму институттары қызметтерін жүзеге асыруда сала бойынша өз бағытына ие болған кезде, біз осы нәтижелерді байқай аламыз. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ сияқты қаржы даму институттары өз бағытында жұмыс істеп, әр міндеттерін бағыт бойынша мойнына алатыны дұрыс деп санаймыз.

Өз кезегінде, мемлекет әрдайым агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландырумен айналысатын қаржы даму институттары үшін көбірек мүмкіндіктер мен қаржыландыруды қолдауы және беруі қажет. Кейіннен әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілікті арттыра отырып және ауылдық аумақтардың өркендеуін қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның аграрлық секторының орнықты дамуы үшін қолайлы жағдайлар туғызады.

Алғыс айту, мүдделер қақтығысы

Мақала авторлардың өз есебінен жазылған. Авторларда мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі:

Аубакирова Махаббат Биржановна – ақпараттарды жинау, жұмыс нәтижелерін талдау, деректерді визуалдау, жобалау, әдебиеттерді іздеу, мақаланың мәтінін жазу, пайдаланған әдебиеттер тізімін ұсыну мен рәсімдеу.

Мақыш Серік Биханұлы – мақаланың мазмұнын сыни тұрғыдан қарау, интерпретация жасау, библиографиялық талдау жасау, талдауларды түсіндіру, мақаланы сыни қайта қарау.

Sylwester Kozak – ғылыми мақаланың құрылымы мен мазмұнын терең талдап, сын көзбен бағалау, зерттеуге халықаралық ғылыми тәсілдерді енгізіп, шетелдік озық тәжірибемен таныстыру, ғылыми мақаланы редакциялық тұрғыда қайта қарап, мазмұндық және құрылымдық жақтарын жетілдіру.

Әдебиеттер тізімі

1. Аграрлық секторға несие беру мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысы [Электрон. ресурс] – 2025. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010000137_ (қаралым: 01.02.2025)

2. Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 жарлығы [Электрон. ресурс] – 2025. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U060000220_/links (қаралым: 01.02.2025)
3. Керимова У.К., Касенбаев Г.С. Ключевые проблемы развития агропромышленного комплекса в Казахстане и пути их решения // Вестник университета «Туран». – 2021. – №4. – С.85-92. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-4-85-92>
4. «Бәйтерек» Ұлттық басқару холдингі» АҚ-ның ресми сайты [Электрон. ресурс] – 2025. – URL: <https://baiterek.gov.kz/> (қаралым: 01.03.2025)
5. «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ның ресми сайты [Электрон. ресурс] – 2025. – URL: <https://idfrk.kz/> (қаралым: 01.03.2025)
6. Лемещенко О.В., Накипова Г.Н., Белкина Е.Н. Аналитические аспекты государственной финансовой поддержки агропромышленного комплекса Казахстана // Вестник университета «Туран». – 2021. – №3. – С.101-107. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-3-101-107>
7. Lukhmanova, G., Seitova, G., Sartanova, N., Abayeva, G. Financial relations in agriculture of the Republic of Kazakhstan // Bulletin of the National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2022. – 3(397). – pp.317-326. <https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.320>
8. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның ресми сайты [Электрон. ресурс] – 2025. – URL: <https://agrocredit.kz/> (қаралым: 05.03.2025)
9. «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның ресми сайты [Электрон. ресурс] – 2025. – URL: <https://www.kaf.kz/> (қаралым: 05.03.2025)
10. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазанындағы № 732 қаулысы [Электрон. ресурс] – 2025. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000732> (қаралым: 15.02.2025)
11. За год инвестиции в сфере АПК увеличились на треть, 03.03.2023 – [Электронный ресурс] - URL: <https://kapital.kz/economic/113528/za-god-investitsii-v-sfere-apk-uvelichilis-na-tret.html> (қаралым: 05.02.2025)
12. Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ресми сайты [Электрон. ресурс] – 2024. – URL: <https://stat.gov.kz/> (қаралым: 08.03.2025)

М.Б. Аубакирова^{*1}, С.Б. Мақыш², S. Kozak³

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Есиль университет, Астана, Казахстан

³Варшавский университет естественных наук, Варшава, Польша

Влияние финансовых институтов развития на финансирование агропромышленного сектора в Казахстане

Аннотация. В данной статье рассматриваются ключевые направления государственного финансирования агропромышленного комплекса Республики Казахстан, а также анализируется степень влияния деятельности финансовых институтов развития на функционирование и устойчивость данной отрасли. Современные глобальные вызовы, связанные с динамичными

изменениями в политике, экономике и климате, формируют повышенную нестабильность на мировых рынках сельскохозяйственной продукции и продовольствия. В этих условиях государственная поддержка аграрного сектора, особенно малого агробизнеса, становится неотъемлемым элементом обеспечения продовольственной безопасности и стратегическим фактором экономического развития страны. Цель исследования заключается в анализе современного состояния и особенностей финансирования аграрного сектора Казахстана через финансовые институты развития, выявлении степени их влияния на доступность финансовых ресурсов, а также разработке практических рекомендаций по совершенствованию механизмов финансирования с учётом актуальных экономических реалий и государственных программ поддержки. В статье проведён анализ деятельности финансовых институтов развития в части оказания поддержки агропромышленному комплексу посредством финансирования инвестиционных проектов, направленных на модернизацию, внедрение инноваций и повышение эффективности сельскохозяйственного производства. Особое внимание уделяется роли данных институтов в повышении конкурентоспособности сельхозпредприятий, их устойчивости к внешним рискам и формировании условий для долгосрочного роста аграрного сектора. Актуальность исследования определяется необходимостью системного видения перспектив развития сельского хозяйства Казахстана через призму функционирования финансовых институтов развития, которые выступают связующим звеном между государственной политикой и практическими потребностями сельхозпроизводителей.

Ключевые слова: агропромышленный сектор, финансирование, финансовые институты развития, инвестиционные проекты, экономическое влияние.

M.B. Aubakirova^{*1}, S.B. Makysh², S. Kozak³

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*Esil University, Astana, Kazakhstan*

³*Warsaw University of Life Sciences, Warsaw, Poland*

The impact of financial development institutions on the financing of the agro-industrial sector in Kazakhstan

Abstract. This article examines the main areas of financing of the agro-industrial complex by the Government of the Republic of Kazakhstan, and also raises the question of the degree of influence of financial development institutions in this industry. Currently, the transience of changes in politics, economics and climate around the world is extremely leading to instability in the global agricultural and food markets. As a result, government support in the small agribusiness sector in the country is an integral and important part of economic development. The country's food security is the development of agriculture. The purpose of this article is to analyze the current state and features of financing the agricultural sector in Kazakhstan through financial development institutions, identify the impact on the availability of financial resources, and develop recommendations for improving financing mechanisms, taking into account current economic realities and government support programs. The article provides an analysis of the activities of financial development institutions in providing support in the agro-industrial sector by financing investment projects. The development of the agricultural sector, increasing the competitiveness and sustainability of agricultural enterprises are important economic indicators in

the development of this sector of the economy. The relevance of the article lies in seeing the picture of the development of the country's agricultural sector through the prism of the activities of financial development institutions.

Keywords: agro-industrial sector, financing, financial development institutions, investment projects, economic impact.

References

1. Agrarlyk sektorga nesie beru maseleleri turaly Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2001 jylgy 25 kantardagy № 137 kaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated January 25, 2001 No. 137 on issues of lending to the agricultural sector]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010000137_ [in Kazakh] (accessed 01.02.2025).
2. Agroonerkasiptik keshendi damytudyn keibir maseleleri turaly Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2006 jylgy 11 jeltoksandagy № 220 jarlygy [] Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated December 11, 2006 No. 220 on some issues of development of the agro-industrial complex]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U060000220_/links [in Kazakh] (accessed 01.02.2025).
3. Kerimova U.K., Kasenbaev G.S. Klyuchevye problemy razvitiya agropromyshlennogo kompleksa v Kazahstane i puti ih resheniya [Key problems of the agro-industrial complex development in Kazakhstan and ways to solve them] Vestnik universiteta "Turan" [Bulletin of Turan University] 4. 85-92(2021), <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-4-85-92> [in Russian].
4. "Baiterek" Ultytk baskaru holding" AK-nyn resmi saity [Official website of Baiterek National Management Holding JSC]. Available at: <https://baiterek.gov.kz/> [in Kazakh] (accessed 01.03.2025).
5. "Onerkasipti damytu kory" Ak-nyn resmi saity [Official website of JSC "Industrial Development Fund"]. Available at: <https://idfrk.kz/> [in Kazakh] (accessed 01.03.2025).
6. Lemeshhenko O.V., Nakipova G.N., Belkina E.N. Analiticheskie aspekty gosudarstvennoi finansovoi podderzhki agropromyshlennogo kompleksa Kazakhstana [Analytical aspects of state financial support for the agro-industrial complex of Kazakhstan] Vestnik universiteta "Turan" [Bulletin of Turan University] 3. 101-107(2021), <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-3-101-107> [in Russian].
7. Lukhmanova, G., Seitova, G., Sartanova, N., Abayeva, G. Financial relations in agriculture of the Republic of Kazakhstan // Bulletin of the National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, 3(397), 317-326 (2022), DOI: <https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.320>
8. "Agrarlyk nesie korporatsiyasy" AK-nyn resmi saity [Official website of JSC "Agrarian Credit Corporation"]. Available at: <https://agrocredit.kz/> [in Kazakh] (accessed 05.03.2025).
9. "KazAgroKarzhy" AK-nyn resmi saity [Official website of KazAgroFinance JSC]. Available at: <https://www.kaf.kz/> [in Kazakh] (accessed 05.03.2025).
10. Kazakstan Respublikasynyn agroonerkasiptik keshenin damytu zhonindegi 2021-2025 zhyldarga arnalgan ulttyk zhobany bekitu turaly Kazkstan Respublikasy Ukimetinin 2021 zhylgy 12 kazandagy № 732 kaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated October 12, 2021 No. 732 on approval of the national project for the development of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2021-2025]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000732> [in Kazakh] (accessed 15.02.2025).

11. Za god investicii v sfere APK uvelichilis' na tret', [Investments in the agricultural sector increased by a third over the year]. Available at: <https://kapital.kz/economic/113528/za-god-investitsii-v-sfere-apk-uvelichilis-na-tret.html> (accessed 05.02.2025)

12. Ulttyk statistika byurosy Kazakstan Respublikasy strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttiginin resmi saity [The official website of the Bureau of National Statistics agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and reforms]. Available at: <https://stat.gov.kz/> [in Kazakh] (accessed 08.03.2025).

Авторлар туралы мәліметтер:

Аубакирова М.Б. – хат-хабар үшін автор, PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш., 2, 010008, Астана, Қазақстан.

Мақыш С.Б. – экономика ғылымдарының докторы, профессор, бірінші проректор – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Есіл университеті, А. Жұбанов к., 7, 010000, Астана, Қазақстан.

Kozak S. – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Варшава жаратылыстану ғылымдары университеті, Новоурсиновская к., 166, 02-787, Варшава, Польша.

Аубакирова М.Б. – автор для корреспонденции, докторант PhD, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан.

Мақыш С.Б. – доктор экономических наук, профессор, первый проректор – проректор по академическим вопросам, Есиль университет, ул. Жубанов А., 7, 010000, Астана, Казахстан. ORCID 0000-0002-6748-4826

Sylwester Kozak – доктор экономических наук, профессор, Варшавский университет естественных наук, ул. Новоурсиновская, 166, 02-787, Варшава

Aubakirova M.B. – corresponding author, PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., 010008, Astana, Kazakhstan.

Makysh S.B. – Doctor of Economics, Professor, First Vice-Rector – Vice-Rector for Academic affairs, Esil University, 7 A. Zhubanov str., 010000, Astana, Kazakhstan.

Kozak S. – Doctor of Economics, Professor, Warsaw University of Life Sciences, 166 Novoyursinovskaya str., 02-787, Warsaw, Poland.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).